



ТАҚЫРЫБЫ: Қарым-қатынас шеберлігі

**Жас
мамандарға
арналған
тренинг**



Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2007 жылы 27 шілде №319

51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары,
міндеттері мен жауапкершілігі
педагогтік әдеп нормаларын сақтауға міндетті

- *Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері:*
- Әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін мойындау
- Өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау
- Өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

● *Педагогикалық әдеп:*

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде
- сөйлесу икемділігінде
- оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде
- өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде
- ескерту жасаған кезде
- баланың мінез-құлқына баға берген кезде
- мадақтау және жазалай білу икемділігінде
- дауыс ырғағында



Тренинг : «Амандасу»

Қатысушылар бір-бірін көңіл
күйлерін сұрайды . Есімдерінің
шығу тарихын әңгімелеп береді.





Арт-терапия

«Шеңбер бойынша сурет салу»



Нұсқау: ақ парақ пен түрлі түсті бояулар арқылы сурет саласыңыздар, жаймен музыка ойнап тұрады, музыка тоқтаған кезде сіздер өздеріңіз салып жатқан суретіңізді көршіңізге жалғайсыз. Осылайша өз суретіңіз қайта оралғанша шеңбер бойымен жалғаса береді. Өзің бастаған сурет өзіңе келгенде, өз суреттеріне қарай, тақырып беріп, талдау жұмысы жүргізіледі.

«Мен кіммін?» жаттығу.

- Параққа «Мен кіммін?» деген сұраққа жауап жазыңыздар. Жауап шын болу керек. Соңында өзіндік презентация болады.
- Қорытынды: Жауап 5-ге дейін болса, сіз әрдайым тығылып жүресіз, ашылмайсыз.
- 7 және одан жоғары болса, жоғары деңгей, өзіңіз туралы ойлайсыз және ұялмайсыз.
- 15-дан артық болса, өз-өзіңізді алдадыңыз.
- Енді жазғандарымызды оқиық. Барлығы былай басталуы мүмкін: Мен мұғаліммін, мен анамын. Бұлар жалпы рөлдік биографиялық мінездемелер. Бұл барлығы әлеуметтік рөлдер. Жеке тұлғалығымыз қайда? Біз күнде мұғалімнің маскасын киеміз, ал негізінде біз барлығымыз өзімізді жақсы көретін тұлғамыз, өзімізге деген сүйіспеншілікпен сіздерді барлық әлем жақсы көреді. Сондықтан да әр адам жеке тұлға және барлықтарыңыздың бір қасиеттеріңіз бар және сол үшін өздеріңізді жақсы көресіздер.

ОЙ ТАСТАУ



**«Менің бойымдағы сіздер білмейті қасиет .
.....» атты ойын.**

**(Әр топтан мұғалімдер ортаға шығып
өздерінің таң қалдыратын қасиеттерін
ортаға салдады. Осылайша жаңадан келген
жас мамандардың қабілеттерімен,
өнерлерін тануға болады.)**

Педагогикалық жағдаяттан шығу






1. Сіз сабақты слайд түрінде дайындап келдіңіз. Оны бір оқушы интерактивті тақтаны қосамын деп жүргенде бәрін өшіріп алады, не істер едіңіз?



2. Үй жұмысын тексеру үшін дәптер жинап алдыңыз. Бір оқушы дәптеріне сіздің суретіңізді салып мазақ етіп жазып қойған. Не істер едіңіз?



3. Бір оқушыға мықтап
ұрысып алдыңыз. Ал ол
үйіне барып апай
басымнан ұрды деп арыз
айтып, ата - анасын ертіп
әкелді. Сіздің әрекетіңіз
қандай?



4. Мектеп әкімшілігі
Сіздің сабағыңызға
қатысып,
құжаттарыңызды
тексерді. Қауіпсіздік
құжаттары дайын емес.
Сіз не істейсіз? Сіздің
әрекетіңіз.







5. Мұғалім сабаққа
кірген кезде, тақтадан
өзінің суретін көреді.
Балалардың ойынша
мұғалім кінәлі оқушыны
іздеп, сабақ өткізбейді.
Не істеу керек?



6. Ата-аналар кеңесуге мұғалімге келді. Олардың 13 жасар қызы өте көп оқиды, үлгерімі жақсы, соңғы кезде қыз бен ата-ана арасында кейбір мәселелер туындап жүр. Ескертулерге қыз: - сендер мені жақсы көрмейсіңдер, үйден кетемін, - дейді. Ата-ана бұдан қорқып, қыздың барлық жағдайын жасайды. Ол жиі қайталанып жүр. Ата - анаға кеңес.



7. «Аманжол үнемі сабаққа ұқыпсыз келеді, шашы өскен, киімі үтіктелмеген, бірақ осы түріне қарамастан үнемі сабаққа дайындалып келуге тырысады. Оқушылар арасында ешқандай достары да жоқ, ешкіммен араласпай өз бетімен жүреді.» Сіздің іс-әрекетіңіз, қандай жұмыс түрлерін жүргізер едіңіз?



8.«Сіздің сыныбыңыздағы оқушының отбасылық жағдайына байланысты ата-аналарымен қарам-қатынасы өте төмен. Бәлкім сол себептен сіздің оқушыңыз үнемі үйіне бармай мектепте жүреді немесе көшеде қаңғыбастыққа салынады. Араласып жүретін ортасындағы оқушылар да лайықты емес. Ата-анасының тарапынан қажет етпейтіндей қатынас байқалады.» Сіздің іс-әрекетіңіз?



Ұстаздарға
арналған
ойын



«Құпия дос» жаттығуы

Кез келген қатысушы
әріптесіңізге, жақсы тілек
жазыңыз.

Жас мамандарға психологиялық кеңес .

1. Есінде болсын өзің жалындай білсең, басқаның көңілін, ынта ықыласын оятасың.
2. Мамандық талабына үйлесімді үлгі болуда жеке басында кездесетін кемшілік, қателіктерді дер кезінде мойындап, ешкімге жария етпестен уақытымен түзетуге бар пейіліңмен кіріс. Нағыз зиялы адам өзін-өзі бақылай білуге міндетті .
3. Ұжымда азды-көпті абыройға ие болсаң болдым, толдым демей, үздіксіз оқып, ізденіп, өзінді тәрбиелеуден қол үзбегін!.



Бала жайлы маржан ойлар.

- Бала табиғаттың ғажайып құбылысы.
- Ол-тұлға, өзінше бір әлем. Оны сол үшін де сыйлауға болады.
- Балаға бір жыл бойы қаталдық көрсеткеннен, бір сағаттық мейірімділік көрсетсең, баланы осы соңғысы тез түзетеді.
- Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры оқушыға деген құрмет сезімде жатыр.

- ❖ Қарым-қатынас барысында бастамашыл болыңыз.
- ❖ Қарым-қатынас кезінде әсіресе қыздарға көңіл бөліңіз. Олар мейлінше нәзік, әрі эмоцияға жақын.
- ❖ Балармен қарым-қатынас кезінде бір қалыпта (тура жоспар бойынша) әрекет жасаудан аулақ болыңыз.
- ❖ Кейбір балаларға деген жеккөрішін сезімінен аулақ болып, оны жеңе біліңіз.
- ❖ Конструктивті бастамасыз жасалған жұмыс (тек қана сынау) еш нәтиже бермейді.
- ❖ Балаларға жиі күлімсіреңіз.
- ❖ Балаларды жиі қолдап, мадақтап, мақтап

ЖУМЫ С
КУНІҢІЗ
САТТИ
ӨТСІН!!!

